

«Бекітемін»
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері^а
агенттігінің Төрағасы

Д. Жазықбаев

2022 жылғы «13» май

**«Үздік ауыл әкімі»
респубикалық конкурсын ұйымдастыру және өткізу
бойынша әдістемелік нұсқаулық**

I. Жалпы ережелер

1. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев өзінің «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру. Жаңа Қазақстан - егемен еліміздің болшақтағы бейнесі» екендігін айқындалап берді.

Президент «маңызды шешімдердің жүргішіліктың қатысуымен ашық қабылданатынын және мемлекет әр азаматтың үніне құлақ асатынын» атап өтті. Бұл ретте «адал еңбек, озық білім және үздік тәжірибе әрдайым жоғары бағаланады».

Ауыл әкімі халықпен тікелей өзара іс-қимылда болады және байланыс орната алу қабілеті мен өзекті мәселелер бойынша уақтылы шешім қабылдай білуі оның қызметінің негізгі құрауышы болып табылады.

Әкім жергілікті деңгейде халықтың арасынан шыққан мемлекеттік саясатты жүргізуі болып табылады және халықта, оның іс-қимылы бойынша тиімді әрекет ететін мемлекеттік басқару жүйесіне көзқарасы қалыптасады.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекетті» қалыптастырудың өзектілігін ескере отырып және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2021 жылғы 6 қазандағы № 167-р өкімімен қабылданған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын Ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған жол картасының 82 тармағына сәйкес «Үздік ауыл әкімі» респубикалық конкурсы (бұдан әрі – Конкурс) өткізіледі.

1) Конкурстың мақсаты - жұмыста жоғары тәжірибелік нәтижелерге қол жеткізген, ауылдық елді мекендердің дамуына елеулі үлес қосқан үздік ауыл әкімдерін анықтау және көтермелеу;

2) Конкурстың міндеттері:
ауыл әкімдерінің, мемлекеттік қызметтің беделін арттыру;
қоғамның мемлекеттік билікке деген сенімін нығайту;
жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару саласында алдыңғы қатарлы жұмыс тәжірибесін кең ауқымда насиҳаттау.

2. Конкурс екі негізгі кезеңде өткізіледі:

1) I кезең – өнірлік, аудандық және облыстық деңгейде өткізіледі;

Аудандық деңгейде конкурстың жұмыс органдары аудан әкімі аппараты болып табылады (*аппарат басшысы үйлестіреді*).

2) II кезең – республикалық, республикалық деңгейде өткізіледі.

Екінші кезеңдің нәтижесі (корытындысы) бойынша Конкурстың жеңімпаздары анықталады.

Конкурстың нәтижелері Республикалық комиссияның шешімімен анықталады.

3. Конкурс қатысушылары туралы ақпарат халықтың дауыс беруі үшін аудан, облыс әкімдіктерінің және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық департаменттерінің (*бұдан әрі – Агенттік*) ресми интернет-ресурстарында және әлеуметтік желілерінің парақшаларында орналастырылады.

Конкурсты өңірлік және республикалық деңгейде өткізуге дайындау және ұйымдастыру жұмыстары, сондай-ақ оның қорытындыларын шығару осы әдістемелік ұсынымға (*бұдан әрі – Әдістеме*), Конкурсты өткізу тәртібі мен іс-шаралар жоспарына, оның жеңімпаздарын марапаттау мен жеңімпаздарды бағалау критерийлеріне және өзге де конкурстың комиссия бекітетін құжаттарға сәйкес іске асырылады.

II. Конкурсты өңірлік деңгейде ұйымдастыру және өткізу

4. Қатысушыларды бағалау үшін Конкурстың бірінші кезеңінде Өңірлік конкурстың комиссия (*бұдан әрі – Өңірлік комиссия*) құрылады, оның құрамын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің тиісті аумақтық департаменті (*бұдан әрі – Департамент*) тиісті облыстық әкімдіктің (*бұдан әрі – Әкімдік*) келісіүі бойынша бекітеді.

Өңірлік комиссия Департаменттің жанында құрылады және 7 адамнан және хатшыдан тұрады.

Өңірлік комиссия мемлекеттік органдардың, мәслихат, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатарынан, қоғам қайраткерлерінен және өзге де тұлғалардан құрылады. Өңірлік комиссияның тәрағасы Департаменттің басшысы немесе басшысының орынбасары болып табылады.

Өңірлік комиссияның тәрағасы комиссияның қызметіне басшылық жасайды, жалпы бақылауды жүзеге асырады. Конкурстың комиссияның шешімдерін қабылдау кезінде даулы мәселелер туындаған жағдайда, конкурстың комиссия тәрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Өңірлік комиссияның отырысы комиссия құрамы мүшелерінің жартысынан артық бөлігі қатысса, заңды деп есептеледі.

Әрбір үміткер бойынша шешім Өңірлік комиссия мүшелері бағалау парагында (*осы Әдістемеге № 9 қосымшага сәйкес*) қойған баллдарды есептеу және Конкурсқа қатысушының рейтингісін құрастыру арқылы қабылданады.

Отырыс қорытындысы Өңірлік комиссия тәрағасы және хатшысы қол қойған хаттамамен (*осы Әдістемеге № 10 қосымшага сәйкес*) ресімделеді.

Өңірлік комиссия қызметінің ұйымдастырылып, сүйемелдеуін Департаменттің және Әкімдіктің қызметкерлері жүзеге асырады.

5. Өнірлік комиссия хатшысы комиссияның қызметіне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады, атап айтқанда:

1) үміткерлердің құжаттарын қабылдауды жүзеге асырады;

2) комиссия отырыстарын ұйымдастырады;

3) комиссия отырысының хаттамасын ресімдейді және Конкурс қорытындылары бойынша жеңімпаздың материалдарын қалыптастырады;

4) мемлекеттік органдардың ресми сайттарында және бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру үшін Конкурс нәтижелері туралы ақпаратты береді.

III. Конкурсты республикалық деңгейде ұйымдастыру және өткізу

6. Конкурс жеңімпаздарын анықтау үшін Республикалық конкурстық комиссия (бұдан әрі – Республикалық комиссия) құрылады, оның құрамын Агенттік анықтайды.

Республикалық комиссия 7 мүшеден және Агенттіктің қызметкере болып табылатын хатшыдан тұрады.

Комиссияның құрамына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың, халықаралық, қоғамдық және ғылыми-білім беру ұйымдарының басшылары (өкілдері), БАҚ өкілдері және езге тұлғалар енгізілуі мүмкін.

Республикалық комиссия қызметінің ұйымдастырылып сүйемелдеуін Агенттіктің орталық аппаратының қызметкерлері жүзеге асырады.

Республикалық комиссияның тәрағасы Агенттік тәрағасының орынбасары болып табылады.

Республикалық комиссияның тәрағасы конкурс комиссиясының қызметіне басшылық жасайды, жалпы бақылауды жүзеге асырады. Конкурс комиссиясының шешімдерін қабылдау кезінде даулы мәселелер туындаған жағдайда, тәрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия шешімі комиссия Тәрағасы және хатшысы қол қойған хаттамамен ресімделеді.

7. Республикалық комиссияның хатшысы комиссия қызметіне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады, атап айтқанда:

1) үміткерлердің құжаттарын қабылдауды жүзеге асырады;

2) конкурстық комиссияның отырыстарын ұйымдастырады;

3) конкурстық комиссия отырысының хаттамасын ресімдейді және Конкурс қорытындылары бойынша конкурс жеңімпазының материалдарын қалыптастырады;

4) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында және бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру үшін конкурс нәтижелері туралы ақпаратты береді.

IV. Конкурстың қатысуышылары

8. Конкурсқа қатысуға мемлекеттік қызметте әкім лауазымында үш жылдан кем емес өтілі бар, Әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны, мемлекеттік

қызметке кір келтіретін қылышы үшін алынбаған тәртіптік жазалары жоқ, сондай-ақ соңғы 1 жылда қоғамда теріс пікір тударатын әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған, 2021 жылға «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау қорытындысы «тиімдіден» төмен емес бағаланған кент, ауыл, ауылдық округ әкімдеріне (бұдан әрі – ауыл әкімі) жол беріледі.

9. Конкурсқа қатысуға үміткерлерді ұсынуды жергілікті атқарушы органдар, жергілікті қоғаммен, әкімдердің өздері жүзеге асыруы мүмкін.

V. Конкурсты дайындау және өткізу тәртібі

10. Конкурс Агенттіктің, Департаменттің және облыс, аудан әкімдіктерінің интернет-ресурстарында, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде оны өткізуді бастау туралы хабарландыруды орналастырудан басталады.

БАҚ ақпараттық сүйемелдеу жергілікті атқарушы органдармен жүзеге асырылады.

11. Хабарландыру 2022 жылғы 10 маусымнан кешіктірілмей орналастырылады.

Конкурс туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап ауыл әкімдері (бұдан әрі – үміткер) аудан/қала әкімі аппаратына келесі құжаттар мен материалдарды жолдайды:

1) осы Әдістемеге № 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) үміткердің сауалнамасы (осы Әдістемеге № 2 қосымшага сәйкес);

3) үміткер – әкіммен басқарылатын кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жұмысы, оның ішінде сәтті жүзеге асырылған жоба туралы бейнеролик (бейнероликтің ұзақтығы 5 минутқа дейін);

4) үміткердің кентті, ауылды, ауылдық округті алдағы 3 жылда дамытуға бағытталған (тапыстырылым көлемі 7 слайдтан аспайтын) жобалық жұмыс;

5) көлемі 300 сөзден аспайтын «Неге мен Үздік ауыл әкімі атағына лайықтын?» тақырыбындағы мотивациялық эссе (Times New Roman -14, жол аралық интервал – дара, A-4 формат).

12. Конкурсқа қатысу туралы ұсынымдар 2022 жылғы 30 маусымға дейін қабылданады.

Құжатарды қабылдағаннан кейін қала/аудан әкімі аппаратының жауапты қызметері үш жұмыс күн ішінде әр үміткерге осы Әдістемеге № 7 қосымшаға сәйкес 2022 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша ауылдың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері туралы ақпаратты (тартылған инвестициялар көлемі, ашқан жұмыс орындары, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі, көши-қон деңгейі, қылмыс деңгейі) және қызметтік тізімдерді («Е-қызмет» ЫАЖ-нен) қалыптастырады.

2022 жылғы 11 шілдеден бастап 10 жұмыс күні ішінде аудан/қала әкімі аппараты кент, ауыл, ауылдық округ әкімдіктерінде мемлекеттік қызмет көрсетудің деңгейін, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін, әкімнің

халықпен көрі байланыс орнатузы (жеке қабылдаулары, әлеуметтік желілердегі белсенділігі, БАҚ-тағы жарияланымдары, халықпен кездесулері, жиындары т.б.) және үміткерлердің жұмысындағы т.б. қоғамдық маңызы бар мәліметтерді бағалау жолымен Конкурсқа қатысу үшін үміткерлерге іріктеу жүргізеді.

Ішкі іріктеу барысында аудан/қала әкімі аппараты Әдістеменің 11-тармағына сәйкес ұсынылған материалдардың толықтығын тексереді және сауалнамалық мәліметтерін (осы Әдістемеге № 3 қосынша), жобалық жұмыстарды (осы Әдістемеге № 4 қосынша) және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді (осы Әдістемеге № 7 қосынша) бағалайды.

Бір ауданнан ең көп балл жинаған 3-тен көп емес үміткерлер өнірлік деңгейдегі конкурсқа қатысу үшін үміткер ретінде айқындалады.

13. Конкурстың облыстық кезеңіне қатысу үшін аудан/қала әкімі аппараты аудан деңгейіндегі іріктеуден өткен үміткердің конкурстық материалдарын 2022 жылғы 25 шілдеден кешіктірмей Өнірлік комиссияға жолдайды.

Конкурс материалдарына осы Әдістеменің 11-тармағында көрсетілген материалдар қоса беріледі. Сондай-ақ, аудан/қала әкімінің қолы қойылған үміткер туралы және оның кент, ауыл, ауылдық округтің дамуы бойынша атқарған қызметі мен жеткен жетістігін көрсете отырып, анықтамалық ақпарат ұсынылады (*анықтама A 4 форматында, көлемі 2 беттен көп емес, 14-ши шрифт Times New Roman*).

14. Өнірлік комиссия аудан/қала әкімдері аппараттарынан құжаттар келіп түскен күннен бастап 2022 жылғы 5 тамызға дейінгі мерзімде ұсынылған материалдардың толтырылуының дұрыстығын, осы Әдістемеде белгіленген критерийлерге сәйкестігін, құжаттардың толықтығына тексеруді жүргізеді.

15. Үміткерлер:

- 1) осы Әдістеменің 8-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес болмаған жағдайда;
- 2) осы Әдістеменің 11-тармағында көрсетілген құжаттарды толық емес түрде немесе құжаттарды қабылдауды аяқтаудың белгіленген мерзімі өткеннен соң конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

16. Үміткерлерді Республикалық кезеңге қатысу үшін анықтау мақсатында Өнірлік комиссия баллдық жүйе бойынша іріктеу рәсімін үйімдастырады:

- 1) үміткерлер сауалнамаларын бағалау (осы Әдістемеге № 3 қосыншага сәйкес критерийлерді ескере отырып);
- 2) жобалық жұмыстарын адын ала бағалау (осы Әдістемеге № 4 қосыншага сәйкес);
- 3) әдеп жөніндегі уәкіл сауалнамасының қорытындысы;
- 4) жергілікті әкім жұмысының тиімділігіне халықтың қанағаттануын өлшеу үшін елді мекен тұрғындарының арасында сауалнама немесе онлайн дауыс беру (осы Әдістемеге № 5 қосыншага сәйкес). Әлеуметтік сауалнама немесе онлайн дауыс беру сұрақтары аудан әкімдіктерінен конкурс материалдарын алғаннан кейін облыстық және үміткер қатысқан әкімдіктің ресми сайтында, сонымен қатар осы әкімдіктердің ресми ақпарат

порталында, әлеуметтік желілерінде (*Instagram, Facebook* және *Telegram*) жариялануы тиіс;

5) 2022 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша ауылдың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері (осы Әдістемеге № 7 қосымшага сәйкес);

6) «Неге мен Үздік ауыл әкімі атағына лайықтын?» тақырыбындағы мотивациялық эссе (осы Әдістемеге № 8 қосымшага сәйкес).

17. Баллдық жүйе бойынша бағалау рәсімдерінен кейін үміткерлер оффлайн форматта әңгімелесуден өтеді, сонымен қатар мотивациялық эссеңі қорғайды, сондай-ақ жобалық таныстырылымын көрсетеді.

Әңгімелесу кезінде Өнірлік комиссия үміткерлердің сауалнамалық деректерін, жеке жобалық жұмысындағы ұсыныстарының креативтілігін, мемлекеттік наградалары мен жариялымдарының, ғылыми атағы мен дәрежесінің бар-жоқтығын, спорттық және қоғамдық қызметін, мемлекеттік қызметшінің әдебін сақтау бойынша сауалнаманың, елді мекен тұрғындарының арасында жүргізілген сауалнама мен онлайн дауыс берудің қорытындыларын, әкімнің халықпен кері байланыс орнатуын (*жеке қабылдаулары, әлеуметтік желілердегі белсенділігі, БАҚ-тагы жарияланымдары, халықпен кездесулері, жиындары т.б.*), бейнеролик мазмұнын, өз бастамасы бойынша халықтың жағдайын жақсартуға, сол өнірді дамытуға бағытталған жұмыстарының нәтижесін назарға алады.

Сонымен бірге, Өнірлік комиссия осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген аудан/қала әкімінің анықтамалық ақпаратын ескереді.

Егер үміткерлер баллдың тәң санын жинаған жағдайда, басымдылық күрделі жобаларды іске асыратын, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгеретін, халыққа барынша «ашық», оған қатысты азаматтардан дәйекті арыз-шағымдар түспеген немесе ең аз түскен әкімдерге беріледі.

Әңгімелесу 2022 жылғы 19 тамызға дейін өткізіледі.

18. Жеке әңгімелесудің қорытындылары бойынша Өнірлік комиссия 2022 жылғы 26 тамыздан кешіктірмей, әр облыстан бір үміткерден екінші кезеңге өткен үміткерді анықтайды. Бұл ретте, әр облыстан бір үміткер өткізіледі.

19. Конкурстың екінші кезеңіне өткен үміткерлердің жалпы тізімі Департаменттің және Әкімдіктің интернет-ресурстарында жарияланады және Өнірлік комиссия қабылданған шешім туралы үміткерлерді хабардар етеді.

20. Үміткерлердің конкурстың бірінші кезеңінде ұсынған құжаттары мен материалдары, сондай-ақ Өнірлік комиссияның шешімі 2022 жылғы 9 қыркүйек сағат 18.30-ға дейін Агенттікке жолданады.

21. Агенттік конкурстың бірінші кезеңінен өткен үміткерлер тізімін қалыптастырып, 2022 жылғы 16 қыркүйекке дейін КР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына (*бұдан әрі - Академия*) үміткерлермен ситуациялық (кейстік) тапсырмаларды шешу бойынша әңгімелесу (ауызша немесе жазбаша) өткізу үшін жолданады.

Академия Республикалық комиссия хатшысының келісімімен 2022 жылғы 31 тамызға дейін ситуациялық (кейстік) тапсырмаларды әзірлеп, оны өткізу тәсілін бекітуі қажет.

Академия үміткерлермен ситуациялық (кейстік) тапсырмаларды шешу бойынша әңгімелесуді (ауызша немесе жазбаша) 2022 жылғы 21 қыркүйекке дейін өткізіп, нәтижесін Республикалық комиссияда қарау үшін өткізілгеннен кейін 2 жұмыс күн ішінде Агенттікке ұсынады.

22. Республикалық комиссия үміткерлермен 2022 жылғы 10 қазаннан кешіктірмей әңгімелесу өткізеді, ол ауылдық округті дамыту бойынша дербес жобалық жұмысты қорғауды білдіреді.

Республикалық конкурстық комиссияның алдында дербес жобалық жұмысты қорғау бетпе-бет (келу арқылы) немесе бейнебайланыс арқылы қашықтықтан жүзеге асырылады. Үл ретте, баяндамаға 7 минуттан аспайтын уақыт беріледі, осы уақыт ішінде ұсынып отырған жобаның мәні мен мақсатын, сондай-ақ жүзеге асыру кезінде туындауы мүмкін мәселелерді, жүзеге асыру кезеңдерін және күтілетін нәтижесін ашып көрсету қажет (*осы Әдістемеге № 4 қосымшаға сәйкес*).

23. Әрбір үміткер бойынша шешім Республикалық комиссия мүшелерінің осы Әдістемеге № 11 қосымшаға сәйкес бағалау парактарына қойған баллдарды есептеу, сондай-ақ іріктеудің бірінші кезеңінің көрсеткіштерін және ситуациялық (кейстік) тапсырмаларды шешу нәтижелерін ескере отырып қабылданады.

Республикалық комиссияның шешімі 2022 жылғы 20 қазаннан кешіктірілмей қабылданады.

VI. Конкурстың қорытындысын шыгару

24. Әңгімелесудің қорытындысы бойынша Республикалық комиссия Конкурстың нәтижесі туралы шешім қабылданап, оның үш женімпазын, номинация иегерлерін анықтайды.

25. Женімпаздар «Қазақстан Республикасының үздік ауыл әкімі» I, II, III дәрежелі дипломымен, «Үздік шаруашыл әкім», «Ашық әкім», «Үздік әлеуметтік жоба» номинацияларымен марапатталады.

26. Конкурс женімпаздарын марапаттау уақыты мен орны туралы ақпараттандыруды Агенттік жүзеге асырады.

27. Конкурстың қорытынды кезеңін өткізуі үйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді Агенттік пен Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жүзеге асырады.

28. Облыстардың әкімдіктері республикалық конкурсың женімпаздарының жобаларын іске асыру үшін жергілікті бюджеттен немесе демеушілердің есебінен қаржы бөлу мүмкіндіктерін қарайды.

29. Конкурсты ақпараттық сүйемелдеуді Әкімдіктер Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдау көрсетуімен қамтамасыз етеді.

Кызметшінің лауазымы. А.Ә.Т.

Өтініш

Мені «Үздік ауыл әкімі» республикалық байқауына қатысуға жіберуінізді сұраймын.

Байқаудың шарттарымен таныстым және келісемін.

Қосымша:

(күні)

(қолы)

САУАЛНАМА

Тегі				Фотоға арналған орын	
Аты					
Әкесінің аты					
Түрлігін күні	«	»	19		г.
Жұмыс орны					
Лауазымы					
Телефон					
E-mail					
Білімі (оку орны, бітірген жылы, мамандығы, біліктілігі)					

Ғылыми дәрежесі, атағы _____
 Мемлекеттік қызмет өтілі _____
 Байқау жұмысы тақырыбының бағыты бойынша еңбек өтілі _____
 Сізде мемлекеттік, ведомстволық наградалар, құрметті атақтар, дипломдар бар
 ма (атаңыз) _____

Сіз конкурс жұмысы тақырыбының бағыты бойынша семинарларға,
 форумдарға, конференцияларға қатыстыңыз ба (атаңыз) _____

Сіз конкурс жұмысы тақырыбының бағыты бойынша қосымша білім беру
 (біліктілігін арттыру, даярлау/қайта даярлау, тағылымдама) алдыңыз ба (оку
 орны, бітірген жылы, бағағыты, мамандануы)

Негізгі (маңызды) ғылыми басылымдар, кітаптар, жадынамалар,

Мемлекеттік қызмет және (немесе) бағыты бойынша тақырыбына байланысты
 проблемалық мақалалар, (атаңыз) _____

Сіз мемлекеттік қызмет мәселелері және (немесе) конкурс жұмысы тақырыбына
 байланысты мемлекеттік бағыты бойынша қандай жобаларға қатыстыңыз
 (атаңыз) _____

Сіз мемлекеттік қызмет және (немесе) конкурс жұмысы тақырыбына байланысты мемлекеттік басқару саласында облыста енгізілген қандай ғылыми өзірлемелерге қатыстыңыз

Облыста конкурс жұмысы тақырыбына байланысты мемлекеттік қызмет және (немесе) бағыты бойынша қандай зерттеу жұмыстары жоспарланған

Мемлекеттік және шет тілдерін білу

Тәртіптік жаза қолданылғаны туралы мәлімет

Толтыру куні

Қолы

«___» 20 ___ ж.

Осы сауалнамада толтырылған менің деректерімді өндөуге және сақтауға келісемін.

Қолы

Конкурстың I кезеңіне қатысушылардың сауалнамасын бағалау критері

№ к/с	Критерии	Бағасы (балл)
1	2	3
1.	Мемлекеттік қызмет өтілі:	
	3 жылдан 6 жылға дейін	1
	6 жылдан 10 жылға дейін	2
	10 жылдан жоғары	3
2.	Тілдерді білуі (еркін меңгеруі):	
	мемлекеттік тіл	2
	орыс тілі	1
	ағылшын және өзге тілдер	1
3.	Наградасы, құрметті атағы:	
	ведомствалық наградасы	1
	мемлекеттік наградасы	2
	құрметті атағы	2
	халықаралық ұйымдардың наградасы немесе құрметті атағы	2
4.	Кәсіби даму талпынысы:	
	2 және одан көп жоғары білімі	1
	ғылыми дәрежесі	2
	ғылыми еңбегі, ашқан жаңалығы	2
	зерттеген немесе жүзеге асырған жобалары	3
5.	Мемлекеттік қызмет/басқару саласында кәсіби білімін жоғарылату деңгейі	
	семинарға, форумға, конференцияға қатысуы	1
	тағылымдамадан өтуі	2
	біліктілігін арттыру, кәсіби қайта даярлау курсарын оқуы	2
6.	Тәжірибелік қызметі:	
	Мемлекеттік органның қызметін немесе өз қызметінің бағытын жақсарту бойынша ұсыныстар	2

**Конкурстың I кезеңіне қатысушыларының жобалық
жұмыстарын бағалаудың критері**

№ п/п	Критерии	Жоғары баға (баллмен)
1	2	3
1.	Тұрақты даму бойынша ұсыныстың ойға қонымдылығы, жүзеге асу мүмкіндігі	10
2.	Идеяның креативтілігі мен ерекшелігі	10
3.	Күтілетін әлуметтік және экономикалық тиімділігі	10
4.	Жергілікті климаттық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени ерекшеліктерді есепке алу	10
5.	Материалдардың мысал негізінде болуы (аргументтің болуы)	10
6.	Әзірленген көрнекі материалдардың сапасы	10

**Ауыл әкімдерін онлайн немесе әлеуметтік саулнама
қорытындысы бойынша бағалау критерийі**

№	Критерий	Жоғары баға (баллмен)
1	2	3
1.	Азаматтардың құқықтары мен занды мүдделерін қорғау бойынша қабылданған шаралардың тиімділігі және халықпен көрі байланыс орнатузы (тұрғындарға ашықтығы, мемлекеттік органның интернет-ресурстарын толтыруы, бекітілген талаптарға сәйкестігі, мемлекеттік органның ауыл шаруашылығын, жеке кәсіпкерлікті жне т.б. қолдау бойынша жүргізіліп жатқан саясат бойынша қызметі туралы өзекті ақпараттың болуы, әлеуметтік желілердегі белсенділігі)	10
2.	Көп балалы және аз қамтылған отбасыларға, халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек көрсету және қолдау көрсету (<i>атаулы әлеуметтік көмек, мүгедектерге, жалғызліктерге қартауда және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйде қызмет көрсету, оларға қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіру</i>)	10
3.	Халықты жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету (<i>қогамдық жұмыстарды, жастар тәжірибесін ұйымдастыру және әлеуметтік жұмыс орындарын құру</i>)	10
4.	Шаруа немесе фермер қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдесу	10
5.	Жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесу (<i>мектепке дейінгі мекемелермен және медициналық пункттермен, сонымен қатар мәдени ошактармен, спорт гимараттармен қамтамасыз ету</i>)	10
6.	Халықты сумен жабдықтауды жақсарту бойынша жұмыс және оның жағдайын бақылау	10
7.	Интернетпен қамтамасыз ету	10
8.	Елді мекенді абаттандыру (көгалдандыру, ағаштар отырғызу, парктер мен скверлер салу), ұстау бойынша халықпен, шаруашылық субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау	10
9.	Жергілікті қоғамдастықпен өзара іс-қимыл, мемлекеттік қызметшінің әдеп нормаларын сақтау	10
10.	Тұрғындардың қатысуымен мәдени-спортық	10

	бұқаралық іс-шаралар ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, сауықтыру бойынша мүдделі құрылымдармен өзара іс-кимыл жасау	
	Баллдардың жиыны:	

Конкурстың II кезеңіне қатысушылардың жеке жобалық жұмысын бағалау критері

№	Критерии	Жоғары баға (баллмен)
1	2	3
1.	Жобада көрсетілген мәселенің өзектілігі	10
2.	Жобада көрсетілген мәселені шешу жаңалығы мен шығармашылық әдісі, мәселені шешу басымдықтарын орналастыру	10
3.	Үміткердің мәселенің мазмұнын және оның зерттеуі дәрежесін білуі	10
4.	Мемлекеттік органдар үшін тәжірибелік ұсынымы болуы	10
5.	Саланы дамытууды стратегиялық көрсетуі және оның «шағын деңгейді» білуі	10
6.	Іске асырылатын жобада күтілетін экономикалық тиімділік	10
7.	Сұрақтарға нақты жауап беруі	10
8.	Талдау мен мазмұнының шынайылығы	10
9.	Шешендік кәсібілігі (ораторлық деңгейі)	10
10.	Бірінші кезеңдегі бағалаудың нәтижесі	10

Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері
(статистикалық деректеріне сәйкес)

№ п/п	Критерий (2020 жылмен салыстырғанда)	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігі
		1	2
1.	Мал басы санының өсуі		
2.	Тартылған инвестиция көлемі		
3.	Миграция деңгейі		
4.	Ашылған жұмыс орындары		
5.	Ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі		
6.	Қылмыс деңгейі		

**«Неге мен Үздік ауыл әкімі атағына лайықпыш?» тақырыбындағы
мотивациялық эссеңі бағалау критері**

№	Критерии	Жоғары баға (баллмен)
1	2	3
1.	Эссе мазмұнының тақырыпқа сай болуы	10
2.	Үміткердің ойлау және эссеңі құрастыру деңгейі	10
3.	Тақырыпты толық ашуы	10
4.	Эсседе автордың өзіндік ұстанымының болуы	10
5.	Тақырыпқа жауап ретінде дәлелдердің (аргументтердің) болуы	10
6.	Эссе мазмұнының нақты және логикалық құрылымы	10
7.	Қорытынды негізdemелері	10
8.	Эссеңі жазу талаптарына сай болуы және сауатты рәсімдеу	10

Өңірлік комиссияның жалпы бағалау парағы *(ең жоғарғы бағалау 10 балл)*

«Үздік ауыл әкімі» республикалық конкурсының үміткерлерімен әңгімелесу бойынша Өңірлік конкурстық комиссия отырысының

ХАТТАМАСЫ

K_c

«» 2022 ж.

Қатысқандар:

Өңірлік комиссия тәрағасы:

Комиссия мушелері:

Комиссия хатшысы:

КҮН ТӘРТІБІ:

Бағалау нәтижесі бойынша женімпазды анықтау

ТЫНДАЛДЫ:

Өнірлік комиссия хатшысы

Комиссияға _____ етініш түсті, олардың ішінде _____ толық құжат үсынылды.

Катыскандар тізімі:

Комиссия төрағасы:

Талқылау, отырыс қорытындысын шығару.

Әрбір үміткер бойынша шешім сауалнамалық сұрақтардың (білімі, еңбек өтілі және т.б.), жобалық жұмыстың, халықтың онлайн сауалнамасы мен ауылдың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, сонымен қатар әдеп жөніндегі уәкілдердің сауалнамаларының қорытыныдысын ескере отырып жеке әнгімелесу барысында қабылданды.

Жалпы бағалау парагы (ең жоғарғы бағалау 10 бал)

«Үздік ауыл әкімі» респубикалық конкурсын ұйымдастыру мен өткізу бойынша Агенттіктің әдістемелік нұсқаулығын басшылыққа ала отырып, үміткерлердің сөз сөйлеуін тыңдалап және баллдарды санап Өнірлік комиссия **ШЕШТІ:**

1. _____ ауылдың әкімі _____ (аты-жөні)
бірінші кезеңнің жеңімпазы деп танылсын.

2. Өнірлік комиссия отырысы туралы ақпаратты Департаменттің, облыс әкімдігінің ресми сайтына комиссияның қорытынды отырысынан кейін бір күндік мерзімде жарияланды.

3. Конкурстың қатысушылары мен жеңімпаздарын бірінші кезеңнің аяқталғаны туралы хабардар етсін.

4. Жеңімпаздың материалдары қосымшаға сәйкес Агенттікке 2022 жылдың _____ жіберілсін.

Хаттамаға қосымша:

- 1) өтініш;
- 2) жеке куәлік көшірмесі;
- 3) қызметтік тізілім;
- 4) сауалнама;
- 5) жобалық жұмыс;
- 6) бейнеролик;
- 7) № 5 қосымшаға сәйкес онлайн сауалнаманың қорытындысы;
- 8) № 7 қосымшаға сәйкес әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер;
- 9) «Неге мен Үздік ауыл әкімі атағына лайықтын?» тақырыбындағы мотивациялық эссеңі бағалау қорытындысы;
- 10) № 9 қосымшаға сәйкес Өнірлік комиссияның жалпы бағалау парагы.

Өнірлік комиссия төрағасы:

Өнірлік комиссия хатшысы:

Республикалық комиссияның жалпы бағалау парагы (ең жоғарғы бағалау 10 балл)